



**Жалағаш индустриалды-аграрлық колледжінде «Саналы ұрпақ»  
жобасы аясында атқарылған іс шаралары**


**АНЫҚТАМА**


ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қимыл агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің бастамасымен, облыстық білім басқармасының ұйымдастыруымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты насихаттау және парасаттылық идеологиясын қалыптастыру мақсатында, колледж студенттеріне білім басқармасының жіберілген сілтемесіндегі бейнероликтер мен, аудиороликтерді пайдалана отырып тәрбие сағаттарын өткізді. 17.10.2023 жылы Сыбайлас жемқорлық күніне орай «Саналы ұрпақ студенттер клубының жоспарына сәйкес, колледж студенттерімен семинар өтті. Колледж директорының оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Арапшайұлы алғы сөз бастап семинарды ашып берді. «Саналы ұрпақ» клубының жетекшісі Ә.Жолдасбай студенттермен бейнероликтерді талқылап, түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Тәрбие сағаттың мақсаты: студенттерге «Сыбайлас жемқорлық» деген ұғымды түсіндіріп, пайда болу жағдайлары жайлы түсінік қалыптастыру. Өз көзқарастарын білдіріп, дүниетанымдарын кеңейту. Өз мемлекеттеріне жауапкершілікпен қарау және әділдікке тәрбиелеу.

Ел болып еңсемізді көтеріп, тәуелсіздігімізді алып, шаршы әлемге танылды, Елбасымыз көреген саясатының арқасында мемлекетіміздің тамыры тереңге тартып, нығая түсуіне бағытталған құқықтық заңнамалар қабылданып, ел экономикасы мен әлеуметтік жағдайы түзеліп, әлем мемлекеттерінің ортасынан өз орнын айқындады. Бүкіл әлемге өзінің біртұтастығыменен, ажырамас бірлігімен танылды. Қоғам дамуының жаңа жолын таңдап, уақыттан туындаған әр түрлі кеселдерден айығуды міндет етіп қойды. Сондай –ақ, сыбайлас жемқорлықтың алдын-алу – мен болдырмау шараларына тоқталып, сыбайлас жемқорлық әрекеттерінің зардаптары түсіндіріліп, қойылған сұрақтарға тиісті жауаптар берілді. Ол жол – Елбасымыз алға қойылған сыбайлас жемқорлықпен күрес жолы деп студенттерге бүгінгі семинардың үлкен тәрбиелік мәні бар, өмірлеріне мол тәжірибелік азық ететін құнды деректер алдындар деп ойлаймын және

сіздердің аттарыңыздан сенім білдіремін деді директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Араппайұлы.

Колледж директоры:  Н.Абтикалыков

Директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:  А.Араппайұлы

Саналы ұрпақ жетекшісі:  Ә.Жолдасбай

